

2

Жүгері
алқабындағы
жаңа технология

6

Каспийге
сапар

Сыр бойы

№130 (21205) 1 қыркүйек, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kzwww.instagram.com/syrboyi_kzt.me/syrboyi_kztwitter.com/syrboyi

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БІШКЕККЕ БАРДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровтың шақыруымен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің 26-отырысына және «ШЫҰ+» форматындағы кездесуге қатысу үшін Бішкек қаласына жұмыс сапарымен барды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ресми ашылу салтанатына қатысады.

ШЫҰ саммиті аясында өткен кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевке Қазақстандағы ауқымды саяси реформалар мен алғашқы бір палаталы Құрылтай сайлауының нәтижесі жөнінде әңгімеледі. Мемлекет басшысы елдің саяси өміріндегі аталған тарихи уақиға жан-жақты жаңғыру жолындағы маңызды кезең саналатынын атап өтті. Президент Құрылтай сайлауының өтуіне байланысты білдірген жылы лебізі, сондай-ақ Әзербайжан өкілдерінің байқаушылар миссиясы құрамындағы белсенділігі үшін Ильхам Әлиевке алғыс айтты.

ҚАБЫЛДАУ

ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Вице-Президент Ерлан Қаринді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Вице-Президент лауазымы Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілгенін және мемлекеттік басқару жүйесінде ерекше мәнге ие екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Вице-Президент Ерлан Қариннің алдына бірқатар нақты міндет қойды.

Атап айтқанда, Вице-Президентке Құрылтаймен, Үкіметпен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл барысында Мемлекет басшысының атынан өкілдік етіп, мемлекеттік саясаттың негізгі мәселелері бойынша ұстанымын жеткізу тапсырылды.

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНА БІРҚАТАР ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады.

Кездесу барысында Президент Үкіметтің алдағы кезеңге арналған басты міндеттерін айқындап, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар тапсырма берді.

Мемлекет басшысы экономикалық өсімнің тұрақты қарқынын қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру және азаматтардың әл-ауқатын дәйекті түрде жақсарту қажет екеніне назар аударды. Сондай-ақ барлық мемлекеттік органды ортақ іске жұмылдырып, орындаушылық тәртіпті күшейтуді және Үкімет қызметінде нақты нәтижелерге қол жеткізуге баса мән беруді тапсырды.

БАСЫМ МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы кеше сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының орынбасары Аида Балаеваны қабылдады.

Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Аппаратының құрылуына байланысты бірқатар басым міндетті айқындады.

Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін жаңа мемлекеттік орган ұлттық қауіпсіздікті, заң мен тәртіпті қамтамасыз етумен айналысады.

ПРЕЗИДЕНТ

ҰСЫНЫС БАСЫМ ДАУЫСҚА ИЕ БОЛДЫ



Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай отырысына қатысып, Конституцияның 46-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Вице-Президенті мен Премьер-министрінің кандидатураларын Құрылтай депутаттарымен келісті.

ИНВЕСТИЦИЯ

ТАУ-КЕН БАЙЫТУ КОМБИНАТЫ – ІРІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА

Кеше Жаңақорған ауданы Шалқия кентінде «Liaoning Hongda Group» компаниясы «Бұрабай-Жалғызаташ» тау-кен байыту комбинатының құрылысы ресми түрде басталды. Комбинат құрылысының басталуы – Сыр өңірі үшін айтулы оқиға. Бұл – облысымыздың индустриялық дамуына тың серпін, экономиканы әртараптандыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мол мүмкіндік беретін ірі инвестициялық жоба.



Суреттері үздігінен Бағдат ЕСЖАНОВ

2-бет

БҮГІН – БІЛІМ КҮНІ

17700 БАЛА БІРІНШІ СЫНЫПҚА БАРАДЫ

Бүгін жаңа оқу жылы басталды. Өткен жыл да өзіндік ерекшелігімен есте қалды. Оның көрінісі – облыстың орташа білім көрсеткіші кейінгі үш жыл қатарынан республика бойынша көш басында. Биыл өңірде 17700 бала бірінші сыныпқа қабылданды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда өткен республикалық Тамыз конференциясында бірқатар өңірдің білім көрсеткішіне бөлек назар аударып, салаға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың сапалы орындалғанын атап өткен болатын. Осы қатарда Қызылорда облысы да бар.



2-бет

ТІЛЕКТЕСТІК

ЕРЖАН БАЙТІЛЕС – «ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС БАС ДИРЕКТОРЫ



Белгілі журналист, бұған дейін Президент Баспасөз хатшысының орынбасары қызметін атқарған Ержан Байтілес «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры болып тағайындалды.

Ержан Айтөреұлы 1981 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Еңбекші ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін журналистика мамандығы бойынша тәмамдаған.

«Алматы ақшамы», «Алты Алаш», «Ана тілі», «Егемен Qazaqstan» секілді еліміздің іргелі басылымдарында қызметін атқарды. 2008-2011 жылдары республикалық «Ана тілі» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, кейін республикалық «Egemen Qazaqstan» газетінің Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі болды.

2018-2019 жылдары «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының орынбасары, 2019 жылы Президенттің баспасөз қызметі секторының менеджері, 2021 жылдан 2023 жылға дейін Мемлекеттік кеңесші Хатшылығы менеджерінің орынбасары, 2023-2026 жылдар аралығында Президент Баспасөз хатшысының орынбасары қызметін атқарды.

Айта кетейік, «Қазақ газеттері» ЖШС – еліміздегі ең ірі және беделді медиа құрылым. Серіктестік құрамында «Egemen Qazaqstan», «Қазақстанская правда», «Ана тілі», «Ақиқат», «Мысль», «Уйғур аязы», «Ұлан», «Ақ желкен», «Дружные ребята», «Балдырған» басылымдары бар.

Әріптесіміздің жаңа қызметіне тілектестік білдіреміз.

«Сыр бойы» газеті

Валюта бағамы

\$ 464,77 kzt

€ 541,36 kzt

₸ 5,41 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі



+25°



+13°

Сәрсенбі



+27°



+14°

ТАУ-КЕН БАЙЫТУ КОМБИНАТЫ – ІРІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА



Рәсімде облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев аудан тұрғындарын құттықтап, жаңа өндіріс орны өңір экономикасына тың серпін беретінін атап өтті.

— Осындай ауқымды әрі заманауи жобаны аймағымызда жүзеге асырған «Lao-nong Hongda Group» компаниясына зор ризашылығымызды білдіремін.

1-бет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы елімізді жаңа инвестициялық циклге көшіру, заманауи өндірістерді іске қосу және өңірлердің экономикалық әлеуетін тиімді пайдалануды тапсырған болатын.

Бүгінгі тау-кен байыту комбинаты – осы ауқымды жұмыстардың аса маңызды бөлігі. Құрылысына 138 млрд теңге қаралған жоба

толық іске қосылғанда жылына 210 мың тонна қорғасын-мырыш шикізатын және 20 тонна күміс өндіру жоспарлануда. Ең бастысы, 550-ден астам жаңа жұмыс орны ашылады.

Бүгін басталып жатқан құрылыс сәтті аяқталып, мерзімінде іске қосылып, ел игілігіне қызмет ететініне сенемін, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ компания директоры Тан Цзючан мен ел ағасы Изадулла Нәзілдаев сөз сөйледі.

Тау-кен байыту комбинатын алдағы екі жыл ішінде салып, 2028 жылы толық аяқтау жоспарланған.

Қазіргі уақытта кен орнының минералдық-шикізат базасын кеңейту мақсатында бұрғылау жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ өндірістік жолдар салу да қолға алынып, құрылыс алаңдары анықталды. Бұдан бөлек, электр желілеріне қосылуға жоба-сметалық құжаттама әзірленді. Қазіргі уақытта нысанды электр қуатымен қамтамасыз ету және электр желілеріне қосу межеленген.

Айта кетейік, кейінгі жылдары Сыр өңірінде жаңа өндіріс орындарының негізі қаланып, ірі жобалар жүзеге асуда. Жанакорған ауданында үш жылда 6,7 млрд теңгеден астам қаржыға 9 инвестициялық жоба іске қосылды. Биыл 3 жоба көзделсе, оның екеуі ел игілігіне айналды. Алдағы үш жылда облыстың өнеркәсіп саласында 1,9 триллион теңгеге 48 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Нәтижесінде 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылады.

ЖҮГЕРІ АЛҚАБЫНДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Кеше сондай-ақ, облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Шиелі ауданына жұмыс сапары кезінде Төлікөл ауылдық округіндегі «Таң ЛТД» ЖШС-ның тамшылатып суару әдісі арқылы өсірілген жүгері алқабына барды.

Аймақ басшысы үш мың гектар алқапқа жүгері өсіруге бағытталған жаңа жобамен, биыл егілген мың гектар егістің жай-күйімен танысты. Мұнда да мемлекеттік қолдау және инвестициялық қаржы есебінен су үнемдеу жабдыктары, суару жүйелеріне қажетті инфрақұрылым тартылған.

2024 жылы қытайлық «Bayan Country Jiarun Agricultural Development CO» компаниясының өкілдерімен бірлескен жұмыс нәтижесінде былтыр тамшылатып суару әдісімен 700 гектарға жүгері егіліп, одан 4,5 мың тоннадан астам өнім жиналған. Осылайша аталған жоба тиімділігін көр-

сетіп, өнім көлемі жылдан жылға артып келеді.

Алқапта 50 адам еңбек етуде, 2027 жылға дейін толық қуатымен іске қосылады. Ал «Центр Семеноводства» ЖШС Талаптан ауылдық округінде жүгеріні тамшылатып суару әдісімен өсіруде.

10 млрд теңге болатын жоба аясында 10 мың гектар алқапқа жаңбырлатып суару технологиясы арқылы дөңдік жүгері егіледі. Биыл шаруашылық мың гектар жерге дән тастаған. Мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіліп, суару жүйелерінің жабдыктарымен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, тартылған инвестиция есебінен су үнемдеу технологияларына қажетті құралдар сатып алынған. Қазір егін алқабында 50 адам тұрақты жұмыс істейді. Жобаны 2026-2028 жылдары кезек-кезеңімен толық іске қосу жоспарланып отыр.

Айта кетейік, биыл Шиелі ауданында 32499 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Бүгінде егін жинау науқаны қарқынды жүргізілуде.

Өңірде су үнемдеу технологияларын енгізу қарқыны жыл сайын артып келеді. Өткен жылы мұндай технологиялар 8 100 гектар алқапқа қолданылса, биыл 14 200 гектарға дейін ұлғайды.

«СБ» ақпарат



Суреттері түсірілген Бағдат ЕСЖАНОВ

17700 БАЛА БІРІНШІ СЫНЫПҚА БАРАДЫ

Айталық, өткен 2025-2026 оқу жылының қорытындысымен, мектеп бітіруші 10340 түлектің 10 140-ы немесе 99,55 пайызы ҰБТ-ға қатысып, орташа балл 74,90-ды көрсетті. Оның ішінде 967 түлек «Алтын белгі», 1124 түлек «Үздік аттестат» иегері атанды. Жалпы бітіруші түлектердің 16 пайызы 100 және одан жоғары балл жинаған. Осы орайда облыстың екі түлегі 140 балл иеленіп, білімнің биік шыңынан көрінгенін де атап өткеніміз жөн. Бұдан бөлек, аймақтың білім саласы олимпиадалық командалар арасында республикалық үздік үштік құрамында.

Білім – қашан да әлеуметтік маңызы зор саланың бірі. Сондықтан мемлекет тарапынан айрықша көңіл бөлініп, жыл сайын жүйелі бағдарламалар жасалып, жаңа міндеттер жүктеледі. Осыған сәйкес облыс әкімдігі бұл салаға нақты қолдау көрсетіп келеді. Оның айқын көрінісі, 2022-2023 оқу жылынан бері қарай өңірдің білім саласының инфрақұрылымы қарқынды дамып, 40-тан астам білім беру, қосымша білім беру мекемелері жаңадан бой көтерген.

Дәлірек айтсақ, бүгінде заманауи жабдықталған мектептер, балабақшалар, Оқушылар сарайлары, Өнер мектептері,



«Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық, «Ai-ker-imp» оқу-сауықтыру орталықтары қызмет көрсетеді. Жалпы 60-тан астам қосымша білім беру ұйымдарында 70 мыңға жуық бала қамтылған. Сондай-ақ биыл қаладан шалғай

орналасқан Әл Фараби шағын ауданында 360 орындық шығармашылық орталығының құрылысы бастау алмақ.

Алдағы оқу жылына байланысты да атқаратын міндеттер ауқымды. Атап айтқанда, педагогтердің кәсіби әлеуетін артты-

ру, оқушылардың білім сапасын көтеру, сондай-ақ, халықаралық деңгейдегі жетістіктерін көбейту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіледі. Сонымен бірге, Президент айқындаған жаңа міндеттерге сәйкес білім сапасын арттыруда цифрлық технологиялармен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, тәрбиелік жұмысты күшейту және адами капиталды дамыту мәселелері алдағы кезеңнің негізгі басымдығы ретінде белгіленіп отыр.

Кешегі өткен Тамыз кеңесінде облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Президент белгілеген басымдықтарға сәйкес «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, кітап оқу мәдениетін дамыту, ғылым мен инновацияға қызығушылықты арттыру бағытындағы жұмыстарға ерекше назар аударылатынын атап өтті. Сондай-ақ білім сапасын арттыру, білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту, жаңа мектептер салу, педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасау мәселелері үнемі басты назарда болатынын айтты.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



ШЕТ АЙМАҚТАҒЫ ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛУДЕ

Облыс орталығындағы «Бәйтерек» тұрғын ауданында жол жөндеу жұмыстары қарқын алды. Қазіргі таңда мердігер мекеме «Алем Транс Жол» ЖШС ұзындығы 1,2 шақырым автомобиль жолының құрылысын жүргізіуде.

Бұдан бөлек, жаңа оқу жылының басталуына орай қауіпсіздік мақсатында мектептердің маңындағы жаяу жүргіншілер жолының таңбалары қайта жаңаланды.

ҰСТАЗ АТЫНДАҒЫ СПАРТАКИАДА БАСТАЛДЫ

Арал қаласындағы №292 орта мектептің спорт алаңында білім қызметкерлері арасында Қазақ КСР еңбек сіңірген ұстазы Ебейсін Исаев атындағы аудандық спартакиаданың салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Спартакиада саналы ғұмырын ұстаздыққа арнап, ауданның білім саласының дамуына үлес қосқан Ебейсін Исаулының өнегелі жолын ұлықтауға арналған.

Шараға аудан әкімінің орынбасары Н.Бохаев, білім саласының ардагерлері, ұстаздар, Ебейсін Исаулының туыстары мен ұрпақтары қатысып, тағылымды естеліктерін бөлісті. Сондай-ақ спартакиада бағдарламасына ерлер және әйелдер волейболы, баскетбол, шағын футбол, тоғыз-құмалақ, үстел теннисі, асық ату және бес асық спорт түрі енгізілген.

ТЕМІРЖОЛШЫҒА АРНАЛҒАН ТАҚТА

Қазалы локомотив жөндеу зауытында локомотив шаруашылығы саласының білікті маманы, еңбек ардагері, құрметті теміржолшы Сұлтан Бектібаевқа арналған мемориалдық тақта ашылды.

Тағылымды шараға аудандық мәслихат төрағасы Ғазиз Әліш, теміржол саласының ардагерлері, зауыт ұжымы, Сұлтан Ерекешұлының әріптестері мен жақындары қатысты.

Сұлтан Бектібаев – саналы ғұмырын отандық теміржол саласының дамуына арнаған, кәсіби білімі мен мол тәжірибесін локомотив шаруашылығын жетілдіруге жұмсаған білікті маман әрі іскер басшы.

«ЕЛ ІШІ – ӨНЕР КЕНІШІ» КЕШІ

Жосалы кентінің орталық алаңында аудан әкімінің тапсырмасымен дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Ел іші – өнер кеніші» концерттік бағдарламасы өтті.

Мәдени жобаның негізгі мақсаты – ұлттық өнерді насихаттау, жергілікті өнерпаздардың шығармашылығына қолдау көрсету және тұрғындардың мәдени-рухани өмірін жандандыру.

Ашылу кешінде Жанажол, Иіркөл және Тұрмағамбет ауылдық округтерінің өнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынып, ән мен биден шашу шашты.

СЕНБІЛІК ӨТТІ

«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында аудан көлемінде сенбілік ұйымдастырылды.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың бақылауымен сенбілік барысында көшелер, аулалар, қоғамдық орындар мен демалыс аймақтары қоқыстан тазартылып, жиналған тұрмыстық қалдықтар арнайы орындарға шығарылды.

Игі шараға әр мекеме қызметкерлері, еріктілер және аудан тұрғындары белсенді қатысып, туған өлкенің тазалығы мен көркеюіне үлес қосты.

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢАРУДА

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев Сәкен Сейфуллин елді мекеніндегі электрмен қайта жабдықтау жобасының жүзеге асу барысымен танысты. Әкім жауапты мердігерлерге жұмысты сапалы етіп белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Электрмен жабдықтау жобасына 617,9 млн теңге бөлінген. Құрылыс жұмыстарын «Нұрай-Ақжол РГ» ЖШС жүргізуде.

«АУЫЛ VIBE, RETRO NIGHT» БАЙҚАУЫ

Ауданда ауыл жастарының шығармашылығын қолдауға, ұлттық өнер мен мәдени құндылықтарды дәріптеуге бағытталған «Ауыл Vibe, Retro Night» жобасы жалғасын тапты.

Апта сайын ұйымдастырылып келе жатқан кезекті шараға аудан әкімінің орынбасары Алматы Алдабергенов қатысып, өнерпаздар мен көрермендерге ізгі тілегін білдірді.

Бұл жолғы байқауға Жөлек және Бәйтерек ауылдық округтерінің өнерпаздары сахна төріне шығып, арнайы дайындаған бағдарламаларын көпшілікке ұсынды. Кеште ретро әндер шырқалып, заманауи музыкалық композициялар мен түрлі шығарма орындалды.


АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Биыл Семей ядролық полигонының жабылғанына – 35 жыл. Осыған орай аудан әкімі Ғалымжан Жарқынбек Семей сынақ полигонында әскери борышын өтеген ардагерлерді қабылдап, құрмет көрсетті. Қабылдауда ардагерлерге алғыс білдіріп, ауданның жоғары марапаты – Құрмет грамотасын табыстады.

Қабылдауға келген «Невада-Семей» қоғамдық бірлестігі аудандық филиалының төрағасы Шпаздин Жұмабаев және Семей сынақ полигоны ардагері Мұстафа Жұманқожаев ризашылық білдірді.

Дайындаған
Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

СЫР-СҰХБАТ



ӨМІР – ТЕҢІЗ, ОНДА ЖҮЗЕМ ДЕМЕҢІЗ, ІЗГІЛІКТЕН БОЛМАСА ЕГЕР КЕМЕҢІЗ...

«СЫР БОЙЫНЫҢ» «СЫР-СҰХБАТ» АЙДАРЫНЫҢ ҚОНАҒЫ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ ӘРІП БИТІЛЕУҰЛЫ ҚОЖБАНОВ

– Әріп аға, бүгінгі әңгімені рес-
милендірмей, қарапайым рәуиште,
сырласу сипатында өрітсек деймін.
Бірінші сұрағым, өмірде адам
бойындағы қандай қасиеттерді
бағалайсыз не керісінше есек көресіз?
– Өтірік айтқанды, кеуде көтергенді
жек көремін, қарапайымдылықтан ас-
қан құндылық жоқ.
– Осыларды өз өміріңізге қатыс-
тырып айтасыз ба?
– «Өтірік – осал адамның қаруы,
кінәлінің сауыты» деген даналарымыз.
Өтіріктің әртүрі болады – көзінді ба-
қырайтып қойып айтылатын өтірікпен
де бетпе-бет келген кезіміз көп. Бірақ,
біреудің теріс қылығын қазбалап
қайтөміз. «Біреудің мінін көргенше,
жамандығын тергенше, өз ойыңды
мазалап, өз бойыңды тазалап, өзіңмен
алыс өлгенше...» депті Шәкәрім.

Мектеп бітірген соң техникумға
түсіп оқыдым, автомашиналарға тех-
никалық қызмет көрсететін мамандық
алдым. Осы мамандықпен «Торгавто-
база» мекемесіне жұмысқа тұрдым.
Бастығы Баянбай Сыздықов екен.
Автокеруен бастығы маған міндет-
терімді таныстырып, бір бұзылып
тұрған машинаны берді. Соны жөндеп
жүргіздім. Сонымен, мекемеге зат
тасуға кірісіп кеттім. Затты өзім
тиймін, өзім шопырмын.

Бірақ, бұл жұмыспен, бұл оқумен
тоқтап қалғым келмеді. Жоғары оқуға
бармақшымын, емтихан тапсыратын
мезгілге үш ай қалған, осы екі ортада
жұмыс істеймін деп жүрген әрекетім
ғой. Содан бастыққа арыз жазып
кірдім.

– Жібере алмаймын, машинаны
қалай қаңтарып қоямын. Бір ай күтесің,
– деді бастық Баянбай.

– Жібермесеніз де кетемін! – деп
теріс бұрыла беріп едім:

– Әй, бала! – деп тоқтатты. –
Көзіңнің оты бар екен, әкел, арызыңды
қол қойып берейін, – деді.

Сөйтіп, 1974 жылдың жаз айында
Алматыға жол тарттым. Жайғасып
алған соң әкем тапсырып жіберген кі-
сінің үйін іздеп таптым. Аты бүкіл елге
танымал бір ағай еді, әкемнің жақ-
сылығын көрген кісілер. Үйінде екен.
Кіріп табылдырықта тұрдым. Сәлемді
сүлесок алды. Танымай тұрғаны шығар
деп ойладым.

– Битілеудің баласымын ғой, –
дедім.

«Е-е, айналайын» демеді. Бөтен
үйге кіріп кеткен сияқты состиып
қалдым.

– Біз курортқа кетіп бара жатырмыз,
– деді ол.

Бар айтқан сөзі сол. Бұрылып
шығып кеттім.

Өн-бойымда намысым тулады.
«Оқуға өз күшімен-ақ түсемін» деп
кіжіндім.

Сөйтіп, құжаттарымды Қазақ ауыл-
шаруашылығы институтына тапсы-
рып, өзі күшімен түсіп кеттім.
Институтты бітіріп, Алматыда екі
жыл жұмыс істедім. 1981 жылы тамыз
айында Қызылордаға келдім. Келін-
шегім Салтанат «Кітапсаудасы» меке-
месіне жұмысқа орналасты. Мен қала-
дағы Ким Дон Чер басқаратын «Жүк
көліктері басқармасына» келдім. Ма-
ған кенесде отырып істейтін қызмет
ұсынды. Қағазбастылықты ұнатпай-
мын, жұмыстың ырғағында, тіршілік
өтінде, адамдармен араласып жүргенді
жақсы көремін.

Содан қалалық «Такси паркіне»
бардым. Бастығына кірмек болғанмын,
есіктегі «Баянбай Сыздықов» деген
жазуды көрдім. Бұрын өзім білетін
Баянбай аға емес пе, қуанып қалдым.

– Аға, ұмытқан жоқсыз ба, қарама-
ғыңызда жұмыс істегенмін. «Көзіңнің
оты бар екен» деп тілектестігіңізді
білдіріп, оқуыма рұқсат етіп, арызыма
қол қойып жібергенсіз.

Баянбай аға жылы жымиып, бірден
жұмысқа қабылдады. «Өзім шығарып
салсам, өзім қайта алмаймын ба?»
деді. Қамқорлық танытты. Жұмыс
болғанда қандай жұмыс, үлкен қызмет.
Колонна бастығы қылып бекітті. Бұл
қызметке таныс салып, ақы беріп тұра
алмай жүргендер қанша.

Баянбай аға сол кездегі жігерлі,
өткір басшылардың бірі болды. Ойлау
көкжиегі, ауқымы кең адам. Баекен
басқарған Қызылорда такси паркі рес-
публикадағы алдыңғы қатарлы кәсіп-
орындардың санатында тұрды.



Осы такси паркіне 1981 жылы
келгенмін, 1984 жылдың басында
Орталық кәсіподақ комитетінің Қы-
зылорда облысы бойынша техникалық
еңбек инспекторы болып ауыстым.
1989 жылы Агрооңкеркәсіптік кешені
қызметкерлерінің қалалық кәсіподақ
комитетінің төрағасы қызметіне
сайланып, осы қызметті 1994 жылға
дейін атқардым.

Облыстық комитет кәсіподағының
төрағасы Мәмбетов Зинабдин ағай
болатын. Өте жоғары мәдениеттің
адамы, көрген адам еліктегісі келеді.
Киім киісі мұнтаздай, жүріс-тұры-
сының өзі үлгі.

Кәсіподаққа барған кезімде бірлес-
тік қарамағындағы мекемелердің тех-
никалық қауіпсіздік ережелерін және
еңбек заңдылықтарының сақталуын
тексеруге шықтым. Тексерістен соң
кемшіліктерді көрсету үшін жиын өт-
ті. Жиынға «Қызылордамелиорация»
бірлестігінің бастығы Виктор Морозов
та келді. Бұл менің қызметімдегі бірін-
ші дайындаған материалым еді. Анық-
талған кемшіліктерді айттым.

– Мұндай мәліметті қайдан алдың?
– деп Морозов сөзімді бөлді. Дауыс
ырғағында «сен кім едің» дегендей
нышан бар.

– Сіз өзіңіздің жиналысыңызда
отырған жоқсыз. Кәсіподақ жиынында
отырсыз! – деді сонда Зинабдин аға.

Үні қатқылдау естілді. Осы сөзімен
өз қызметкерлерін көлденеңнің талқы-
сына тастамай, қорғай алатынын
танытты...

Сол кездері менде ескілеу бір
«Москвич» болды. Қызметкерлердің
бәрінде де саяжайы бар. Зинабдин аға
өз жұмысына ешқашан қызметтік кө-
лігін мінбейді. Соны білетін мен дем-
алыс күндері машинамен ағаны сая-
жайына апарып саламын. Дереву
машинадан түсе сала жайқалып тұрған
бақшалығына жүгіріп барып, түйнек
үзе бастайды. Піскен-піскенің қол құ-
шағына қаусырып машинаға алып
келеді.

– Аға, мұныыз не? – деймін шыр-
пыр болып. Өкеліп салған еңбегіме
ақы сұрағандай ынғайсызданамын.
– Үлкеннен дәмәтпеген Құдайдан
дәмәтпейді, – дейді Зақен. Сол бір
жұмсақ сөзімен ынғайсыздықтан
арылтады.

Мен өмірде осындай тамаша, бо-
лымды, толымды, табиғатынан таза,
текті ағалармен аралас-құралас бол-
дым. Олардың жақсы сөздерін жадыма
түйдім, жағымды мінездерін үлгі
еттім.

– Сіздің өміріңізді зерттеп жүр-
генімде қызық жайттарға көп кезі-
стім. Кішкентай кезіңізден мінезді,
иатақ болыпсыз. Осы мінез сіздің
өміріңізге қандай рөл атқарды, ал-
дыңызды орап отырды ма?

– Әкем Битілеу соғысқа қатысқан,
төрт рет жараланған адам. Немістің бір
оғы басын жанап өтіп, құлағының қал-
қаншасын жұлып кеткен. Қатарлас-
тары, ойыны бар адамдар соған бай-
ланысты әкеме «Бірқұлақ» деп ат
қойып алған.



Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

...Бірде есік алдында жүр едім, атқа
мінген бір кісі келді. Танымын, ол да
соғысқа қатысқан кісі, оң қолы жоқ.

– Әй, бала, Бірқұлақ қайда? – деді
ат үстінде отырып. Мен амандасуға
қол соза берген едім, ол да қолын
созды. Қол дегенде жалғыз қолы, сол
қолы ғой. Өлгі сөзіне намысым келді,
бала емес, төбелей шал.

– Оң қолыңызды беріңіз! – дедім.
Тақ ете қалған менің даусымнан әуелде
сасып қалған шал:

– Пәдеріңізет, не дейді, ей?! – деп
маған ұмсына бергенде, қашып кеттім.

Сонда сегіз жаста шығармын, на-
мысым өн-бойымды кернеді. Осы
намыс деген сезімнің пайдасын да,
зиянын да көрдім. Талай мәрте жолым-
ды да кесті, бұл намыс.

– Сондай оқпағаның бірін айтып
бересіз бе?

– Мен 1999 жылдың аяғында Сыр-
дария ауданына әкім болып бекідім.
2004 жылы облысқа жаңадан келген
әкім қабылдап: «Үйіңіз қалада, қыз-
метіңіз ауданда екен», – деді.

Төрт жыл ауданды алдыңғы орында
ұстадым, қанша жұмыс атқарылды.
Олардың бірін де айтпай, үйіңіз қалада
екен, қатынап істейді екенсіз деген
сөздерді есту ауыр еді.

Менің сол күйімді сезді ме, ар-
тынша: «Жанакорған ауданына әкім
болып барыңыз», – деді.

«Жанакорғанға баруды ойлана-
йын», – дедім мен. Сол баяғы намыс!
Оның үстіне мені атқарып отырған
қызметімнен алуы мүдделі топтардың
көзқарасы екені анық. Мамырдың то-
ғызында облыс әкімі аудан активін ша-
қырып, мені босатты. Ертеңіне Жаңа-
корғанға бармайтынмыды айттым.

Содан алты ай бос болдым. Шыны
керек, мен бизнестің адамы едім, сол
ісімді дамытумен айналыса бердім.

Бір күні облыс әкімінің орынбасары
Бекмырза Еламанов келіп, әкімнің ша-
қырып жатқанын айтты. Бекен жақын
білдірмей, әкімге сыйтымнан жақсы
мінездеме де айтқан болар, не болғанда
да әкімнің қызмет беру үшін шақыр-
ғаны анық.

Сөйтіп, мен жер қатынастары бас-
қармасына басшы болып бардым,
автовокзал маңындағы бір ескі ғи-
маратты берді. Өзіміз жөндедік. Штат
кестесіне сай маман таңдадым.

2005 жылдың наурызында мекеме
алдына қараша үй тігіп, әсемдеп, ұлттық

өрнектермен безендіріп, Наурыз тойын
жасадық. Сол тойымызға облыс әкімі
Икрам Адырбековті шақырған едік.
Келіп, аралап көріп, дәм татып, риза
болды. Сикы кетіп тұрған ғимаратты
жұмыртқадай қылып қойғанбыз. Соның
бәрін байқады. Кетіп бара жатып:
«Әреке, сізді барлық басқармалардан
бір-бір өткізіп алу керек екен», – деді.

Көпті көрген дипломат адам ғой,
менің жұмыс істей алатыныма көзін
жеткізгендей.

Бір-екі айдан соң Адырбеков тағы
да шақырып: «Облыс әкімі аппаратына
басшы болып келіңіз», – деді. «Мен ап-
параттың емес, шаруашылықтың ада-
мымын» деген едім: «Жұмысты жолға
қою керек» деп келістірді.

– Осындай жауапты қызметтер
атқарғаныңыздан хабардармын, аға.

Сөздеріңізден де байқалып тұ-
рады, шамасы сіз кітап оқуға жақсы
көңіл бөлетін сияқтысыз.

– Ол рас. Менің әкем ел аузындағы
сөздерді көп білетін, әрбір шағын әңгі-
месінде бір кітаптағы бейнелеулер жүреді.

...Бір жылдары Қияқы Жаппас
Байқон деген кісі де шапқыншылыққа
ұшырапты. Осы кезде бітімгерлікке
біраз би араласыпты. Бітім кезінде
Байқонды шақырып, барымтаға кеткен
мал-мүлкін есепке алып: «Енді нең
қалды?» деп сұрағанда, Байқон: «Бір
илеген терімді де әкетті», – дейді.

Мұны естіген Әуез датқа:

– Енді Жаппас елі ит жеп кететін
терісін де есепке алды-ау, – деп күлкі
қылыпты.

Аппаз би мына сөзге қысылып, жа-
нында отырған серіктеріне қарайды.
Сонда Кіші жүз елінен бітімге барған
би Бұқарбай батырдың баласы Алда-
назар орнынан тұрып, былай деген
екен:

– Атамыз қазақ «Жылағанды сұра-
ма, күлгенді сұра» дейді. Мұның
күлетіндей ешнәресі жоқ. «Қос тіз-
гінің болмаса, ат басын бұрмайды. Қос
тартпаң болмаса, ер-тұрман тұрмайды.
Қос қанжыға тон сақтайды, тон жан
сақтайды. Осы үшін «қазак тері илейді,
ер еңбегін ит жейді» деген. Күле
қарамай, біле қарандар, – депті.

Осылай екі ел бітімге келіп, бұрын-
ғыша ағайын-жекжаттықпен арала-
сыпты.

Әкем осындай әңгімелерді кітаптан
оқып отырғандай айта білетін. Кейін
өзінің білгендерін қағазға түсіріп кетті.

Кітап оқымау қазіргі жастардың,
әсіресе басшылықта жүрген жас ма-
мандардың бір кемшілігі. Бір емес,
кемшіліктің бәрі осы кітап оқымаумен
орайлас туады.

Президентіміз Қасым-Жомарт
Тоқаевтың «Озық ойлы ұлт болудың
ең оңай жолы – кітап оқу» деген сөзін
барша ұрпақты кітап оқуға шақырған
ұран деп қабылдасақ та болады.

– Төрт жыл аудан әкімі болғанда
халықпен тығыз байланыстыңыз.
Ел ішінен не байқадыңыз? Жалпы,
сол жылдарда ерекше есте қалған
жұмыстың бірін еске алып кө-
рейікші...

– Ел өміріндегі өзгерістермен бірге
аудан көлеміндегі ауылдар да 1990-
2000 жылдардағы өтпелі кезеңнің
қиыншылықтарын басынан кешірді.
Солардың бірі Іңкәрдария ауылы еді.

Тіршілігін тек мал шаруашылы-
ғымен байланыстырған ауылға егін
шаруашылығына бет бұру ауыр соқты.
Егін шаруашылығына бетбұрыс жасау
кезінде аяқсу тапшылығынан тығы-
рыққа тірелді. Ауылдың ертегіне
деген сенімі азайып, әлі келетін ағайын
көше бастады.

Мен аудан әкімі есебінде бұл мә-
селені бірден назарға алып, осындай
бірнеше ауылды ауданның күріш егі-
сімен айналысатын шаруашылықта-
рының қамқорлығына ұсындым. Сол
жылдары аудан шаруашылықтарының
бірнешеуіне инвестор болып келген
«Шапағат» ЖШС басшылығына
Іңкәрдария ауылын қосып ал деген
қолқа салдық.

Арнайы күріш егісіне арналған
инженерлік жүйеге келтірілген егістік
жерлері жоқ, аяқсу жолдары ше-
шілмеген шаруашылықты қосып алуға
жаңа инвестор оңайлықпен көне қой-
мады. Бірақ олар да бізді түсініп,
жағдай жасап, шаруашылық 300 гектар
жерге күріш егісін салды. Жұмыссыз
отырған ауыл азаматтары жұмысқа
тартылды. Алайда, жаппай егіске су
алу уақытында насостар орнатуға тура
келді. Осындай шығынмен келетін
жұмысқа келесі жылы инвестордың
баруы неғайбыл еді.

Сол уақыттарда Аңламас каналы-
ның арнасын қаздыру мәселесі туалы.

1960-1970 жылдары малазығын-
дық егіс жерлерін суландырып тұрған
Аңламас каналының арнасы Жаңа-
дария каналы арнасына жүргізілген
реконструкциядан кейін дария та-
банынан 1,5-2 метр биікте қалған екен.
1990 жылдары оның арнасын қайта
казу басталып, бірақ қаржылық қиын-
дықтарға байланысты аяқталмапты.

Егер осы каналмен су келсе, онда
барлық егістікке жетеді. Мұны сол
кездегі қызметте жүрген – Жарқынбек
Асылбеков, Амангелді Кенбаев, Ал-
пысбай Жүгітінсов, Қасым Шауқенбаев
сынды азаматтармен ақылдаса оты-
рып, қолға алдық. Басшылар бұл жоба-
мызға артық жұмыс, бос шығын деп
қарады. «Мектептерде көмір жоқ,
әлеуметтік саланың өзіне қаржы тауып
бере алмай жатырмыз, құмның орта-
сынан канал қазып бер дегенің не?»
деп кейді.

Бірақ, дәлелдеп, ақыры жобаға
қаржы бөлілдірік.

Қазу жұмыстары қиын жүрді, су
егіске еркін жету үшін канал 1,7-2,0
метр тереңдікке дейін қазылуы тиіс
болды. Соңғы 500 метрдей жер әбден
титықтатты, жері өте қатты болып
эксковаторлардың қазу тістері істен
шыға берді.

Бұл қиын күндер естен кетпейді.
Ақыры мамыр айының соңғы күндері
24 шақырым жерді кесіп өткен қазу
жұмысы нәтижесінде егіске су құлады.

Осылайша, Аңламас Іңкәрдария
ауылының берекесін келтіріп, ырысын
арттырды. Ауылдан елдің көсуі
тоқтап, ертеңіне деген сенім молайды.

Үлкен істің бірі – Қалжан ахундағы
мектептің салынуы. Бұл ауылға барға-
нымда мектептің қиын жағдайын кө-
зімнен көрдім. Мектеп директоры ша-
тырын жөндеуге көмек сұрады. Бірақ,
мен жөндегеннен қайыр жоқ екенін
білдім. Жаңа мектеп салу керек дедім.

Көктемде сол ауылға қайта бардым.
Мектеп құрылысын қолға ал деп
қолқалап, белгілі кәсіпкер Сейітқали
Алшынбаевты ерте бардым. Мың-
болғыр Сейітқали бұл істен өзіне пай-
да қалмайтынын, қайта шығынмен бі-
тетінін біле тұра келісім берді. Ауылда
жиын өткіздік. Қаржының тапшы
екенін айттық. Сонда аудан бюдже-
тінен бар-жоғы 5 миллион теңге ғана
қаражат бөлуге шамамыз келді. Ауыл
тұрғындары өздерінің бір айлық жа-
лақыларын, зейнеткерлер бір айлық
зейнетақысын мектеп құрылысына
қосамыз деп бастама көтерді.

Бұл бастаманы шаруашылықтар да, аудан-
дағы бюджет қызметкерлері де қол-
дады. Шаруашылықтар 10-15 тоннадан
күріш салысын берді, қызметкерлер
бір күндік жалақыларын мектеп
құрылысы есебіне аударды.

Сол кезде елдің ауызбірлігіне риза
болдым. Мектеп құрылысын жүргізіп
жатқан құрылысшыларға әр үй кезек-
пен уақ малдарын сойып, көже-қатық-
тарын беріп тұрды. Құдайысын, жеті
шешпектерін таратып отырды. Осын-
дай сияпат көрсеткен елдің жұмысын
құрылысшылар да ынталан істеді.

Ел ішінен ынтымақ, ұйымшылдық
көрдім. Егер басшы елмен бірге жүріп,
бірге тұрып жұмыс істелсе, барлық
ауылда даму болатынына кәмілмін.

Өмір теңіз ғой, ізгіліктен кеме
соққан адам, төрт жағалауға да ескегін
құлаштап жете алады.

– Әңгімеңізге қоң рахмет, аға.

Сұхбаттасқан
Дүйсенбек АЙШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

/// КӨШЕНЕЙ РҮСТЕМБЕКҰЛЫ – 80

Жұлдыз боп аққан жыр-ғұмыр

Сөреде тұрған бұл кітапты бүгін ерекше ықыласпен қолыма ұстадым. «Ал апа, біраз мағлұмат пен деректі жинақтап, құрастыруға жақындаған сияқтымыз. Ең кереметі бұл кітаптың атында ғой деп ойлаймын. Кітаптың атын қалай қойсақ болар екен?» деп маған салмақты да сұраулы жүзбен қараған Арнұрдың елесі күнделікті күйбең тіршіліктен арыла алмай жүрген жанымды дауыл соққандай астаң-кестең етті. Одан бері де жиырма жыл өтіпті-ау!

2001-2004 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында басталған бұл жұмыс бір ғана Қармақшы ауданының өнері мен мәдениетінің өркендеуін қамтып қана қойған жоқ. Қазақстанның өңір-өңірінде, жер-жерінде құлашын кең жайып қазақпен қандас түркі туыстас елдердің де рухани дүниесін байытты. Мұның нақты дәлелі – осы жылдың 9-13 ақпан аралығында Ташкент қаласында өткен Ислам әлемі білім, ғылым және мәдениет ұйымы ИСЕСКО Мәдени мұра комитетінің 13-сессиясында мүше мемлекеттерден түскен 100-ден астам өтініш қаралып, Қазақстан ұсынған екі номинация («Ю-өрнек» және «Қармақшы жыраулары» Ислам әлемі мұралары тізіміне енді.

2006 жылы дарабоз жырау Жиенбай Дүзбенбетұлының ұрпағы Көшеней Рүстембекұлының 60 жылдық мерейтойын өткізудің жоба-жоспары жасалып, аудан халқының экономикалық және әлеуметтік әлеуетімен қатар мәдени өнертанымдық дәрежесін биік деңгейге көтеру жан-жақты қарастырылып, қолға алынған еді. Көшенейді тану үшін өз-өзімізді тануға, өз-өзімізді дамытуға ұмтылдық. Орайына қарай сәтін салған бастаманы жалғастырып алып кететін тегеурінді күш те табылды. Олай дейтінм Көшенейдің кенже ұлы Арнұр бар еді. Мұраларды жинақтауға кіріскен екеуімізге ақыл беріп, жол нұсқаған, небір қымбат дереккөздерді тауып беріп ұсынған ауданымыздың беткеұстар азаматтарының қатары қалың еді.

«Болар істің басына, жақсы келер қасына» демекші сол жылдары Қармақшы ауданына жаңадан тағайындалған әкім Рзақұл Нұртаевтың қолдауына ие болған сала жана бір ықпалды қарқынмен түледі. Әсіресе халқымыздың жыраулық өнерінің жолындағы кедергілер күреліп, бел буа кіріскен түс еді. Байырғы елдің, бағзы бір жұрттың осы уақытқа дейін бұл өнерді өздеріне аманат жүгіндей арқапал, осы өнермен мерейі мен мәртебесін өсіріп, осы өнермен ерекшеленетін ел екенін білетін аудан басшысы Рзақұл Сәденұлы «Жүз жыраудың мекені», «Сыр сүлейлері» деген атты қасиетті тұмар ғып таққан өзінің туған еліне қызметі мен құрметін зор сүйіспеншілікпен қолға алды.

Ол әлем назарындағы Қорқыт ата мұраларының мұрагер ұрпақтарының сан ғасырлық қобыз күйі, абыз жыр сарыны мен ойлы пәлсапасының тағылымын ұрпақтан-ұрпаққа, дәуір асып заманнан-заманға жеткізіп келген халық жадын жаңғыртты. Сыр сүлейлері салған сара жол, Жиенбай жырау қалдырған мақам-саз қос өрімделіп, өміршең өнердің отын жакты.

Қызылорда облысының сол кездегі әкімі И.Адырбеков 2006 жылды Өнер жылы деп жариялауына орай өмірден тым ерте кеткен талантты жырау Көшеней Рүстембекұлының 60 жылдық мерейтойы жоғары деңгейде өткізілді. Осы мәдени іс-шараның ең басында марқұм Арнұр Көшенейұлы тұрды. Бұл мақаланы жазуыма түрткі болған да сол Арнұрдың аруағы риза болсын деген ниет.

Әкесі Көшеней 27 жасында Мәскеу қаласында жол атынан қайтыс болғанда Арнұр небәрі он айлық сәби, қайғылы қазаның не екенінен беіхбабар періште, енді ғана еңбектеуге ұмтылған кішкентай адам. Осы қазаны қабырғасы қайдаса еске алған Көшенейдің інісі Бидаса аға: «Айтатыны жоқ, ауыр қайғы болды. Еңсені көтергіпейді. Қытмыр қыс ызғары әлі кете қоймаған кез. Көктемнің жауынымен жер лайсаң, батпақ. Ақжар ауылының жауынды күні батпағы «ой бауырымдап» аяғыңнан айырылмайды. Көшеней ағамның табыты Мәскеу қаласынан жеткізілген күні жан-жақтан келген ағайын мен ауыл адамдары аядай бөлмені кезек-кезек жабады. Тынысым тарылып басымды көтергеніде адамдардың аяғының арасында үстіндегі кішкентай ғана жалаң жейдесім жалаңбұт отырған Арнұрды көрдім. «Аго!» деп қолымды жайдым. Ол да мені көре сала арбаңдай еңбектеп адамдардың аяғының ара-арасымен жетті-ау. Қапсыра құшақтап күртешемнің ішіне салғанымда қолаяғы, денесі мұз боп қатып қалған екен. Денеме басып жылытқаннан кейін маузырап ұйықтап кетті. Жүгем Жұпар балаға қарамақ түгілі ауық-ауық есін жоғалтып талып жатты. Дәрігерлер укол салып есін жинатқанмен әлсіреп қайта құлайды». Бидас ағадан естіген осы әңгіме жиі есіме оралады. Арнұр үнемі «аяғым, қос жамбасым бастырмайды, жегідей жеп жанымды қоярға жер таппаймын» дейтін.

Бір жамбасына ота да жасатты. Ақыры осы дерт өмірін үзді. Сәби кезінде денесінен өткен сыз оның тәні мен жанын қанша ауыртса да, Арнұр әкесі Ко-

шенейдің аяқтай алмай кеткен армандарын орындауға бар қарым-қабілетін жұмсады. Әке дидарын анық көрмесе де, аялы алақанның ыстық жылуын алмаса да, «айналайын» деп өміренген сөзін естімесе де, әке даңқына лайықты ұл болуды мақсат етті. Әкесінің жансыз бейнесіне қарап сағынышын басты, бейнетаспадағы үнін тыңдап көңілін көтерді. Көшенейдің достары мен қатарын іздеді. Кездескендермен сыр-сұхбат құрды. Ол әкесіне деген зор махаббатын халқының алдына жырмен төкті. Бұқар бабамыздың ұрпағы Жүнісбек Жолдиновтың «Көшенейге берген батасы» актық демі таусылғанша Арнұрдың репертуарынан түскен емес.

2004 жылы Алматыда, 2005 жылы Астана қаласында «Жыр керуені» тақырыбымен Қармақшы ауданы жырау-



ларының концерті беріліп, осы өнердің үзілмеген жалғасы болып келесі жылы К.Рүстембекұлының 60 жылдық мерейтойын лайықты атап өту жөніндегі жұмыс басталып кетті. Комиссия құрылып, оның мүшелігінде ардагерлеріміз марқұм Н.Салықов, Ж.Сәденов, Ш.Бектібаев, Н.Торманова, С.Сармолдин. Т.Бекпанов, Ә.Тұрғанов болды. Қазір ойлап отырсам, осы кісілердің берген мағлұматтары болмаса Көшеней туралы, жыраулық өнер туралы құндылықтардың басым бөлігі жоғалып кеткен болар еді. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезіндегі үлкендердің ұлағатты сөздері мен істерін қалт жібермей тыңдап, өзінің және болашақтың қадесіне жаратуды ұмытпағаны абзал.

Марқұм Т.Бекпанов ағамыз Мәскеуде тұратын қарындасы мен күйеу баласы арқылы Көшеней оқыған М.Горький атындағы дүниежүзілік әдебиеті институтының, Ленин атындағы кітапхананың, Малая Броннаядағы жатақхана ғимараттарының суреттерін алдыртса, С.Сармолдин жеке архивінен «Мосфильм» киностудиясының режиссері Б.Мансуров түсірген «Ас» («Құдірәс») фильмінің эпиглогіндегі үзінді лентаны берді. Бұл фильмінің эпиглогінде Ақан серінің аманатын алға апаратын ұрпақ бейнесін Көшеней сомдаған. Осы үзіндідегі Көшеней бейнесіне қарап оның ескерткішін қоюға ұйғарым жасалып еді.

Ал Арнұр болса анасы Жұпардың өмірінің соңына дейін бойтұмардай таза сақтап келген Көшенейдің хаттары мен лекция дәптерін, суреттерін бір орнамал етіп алдымызға жайды. Жұмысшы комиссиясыныңұйғарымыменКөшеней ғұмырнамасына арналған кітап шығару ісі, ескерткішін тұрғызу мен оның атындағы аудандық «Жыраулар үйін» ашу мәселесі қолға алынды. Арнұр екеуімізге тапсырылған негізгі жұмыс – кітапты құрастырып шығару. Екеуіміз де өзіміздің мамандықтарымыз бойынша жасап жатқан жұмысымыздан өз өтінішімізбен босанып, аудан әкімінің шақыртуымен Қармақшыға келдік.

Арнұр бес-алты баланы жинап, жыраулық өнерге баулиды. Бөлмесі жоқ. Аудандық мәдениет үйінің коридорына бір стол қойып, күнделікті келетін шәкірттерін сол жерде күтеді. Мен де осы коридордың бір бұрышына стол қойып алып ауданның мәдени-тарихи ескерткіштерін түгендеймін. Небәрі жиырма төрт мың теңге айлықпен күн көріп, ағайындардың үйінде жатамыз. Күнде әкімнің шақыртуымен алдына барып үйіп-төгіп тапсырма алып шығамыз. Шыға сала бірімізге-біріміз таңдана қараймыз. Айтпақ ойымыз екеуімізге де түсінікті. «Мұның бәрін қалай жасауға болады?» деген сұрақ екеуімізді де мазалайды. Бәрін тастап қайтып кетейік десек, «селден ұят болады-ау» деген намыс тұсап жібермейді.

Абай хакім айтқан талап, еңбек, терен ой қағидасына жүгініп, әуелі талап-тандық, еңбек еттік, терең ой да бізді

баурап алды. Өз жұмыс орнымыз қолайлы болмағандықтан ағайындардың үлкен бөлмесіне әкеліп, Көшеней туралы жинаған материалдарымызды саралап, сараптап құрастыруға кірістік. Көшеней ағамыздың аруағы ма, ата-бабалар аруағы ма, ол жағы бір Аллаға аян, біздің қолға алған ісіміз күннен-күнге жанданып, алға басты. Бір тылсым күй жетелеп жүргендей бағытымызды айқындай бастадық.

Кеңестік дәуірден кейінгі өліара кезінде күйреуді басынан өткерген мәдени ошақтардың көбісі әлі де еңсесін тіктей алмай тұрған уақытта Қармақшы ауданындағы бұрынғы «Комсомол» кинотеатрының қалың ағашпен ашылмастай етіп жабылған есігінің жуан шегелері сузырлды. Жылдар бойы адам кіріп-шықпаған есік күнге желініп-жақ-



сып, жақтаулары шытынап кеткен екен. Бұл – 2006 жылдың күзі. Көптен бері күтім көрмеген бұл мәдени нысанның түскен сылағы мен есік-терезесі ауыстырылып, қалпына келтірілді.

Мақсат біреу ғана. Ол – К.Рүстембекұлы атындағы аудандық «Жыраулар үйін» ашу. Оны ашу үшін не керек екенін сұрай-сұрай, үлгі-нұсқаларды көре жүріп құжаттарын жасауға отырдық. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің сол кездегі бастығы Ұ.Махамбетова орыс тіліндегі, ал мен қазақ тіліндегі нұсқасын жаздық. Мынаны сен, ананы мен орындаймын деген кесімді жұмыс жоқ. Бірде жазу столында отырсам, бірде ашылуға дайындық кезіндегі «Жыраулар үйінің» тазалық жұмысында жүремін. Мәдениет саласы қызметкерлерінің бәрі де ашылмашы нысанның жұмысына ынты-шынтасымен кірісті.

Әсіресе Арнұр екеуіміздің үлкен жетістігіміз бен қуанышымыз – Көшеней туралы әңгіме бастай қалсақ, біз сөйлескен адамдар ол туралы ағыл-тегіл сыр айтып, әңгіме шертеді. Сол арқылы Көшеней бөлмесының сан қырлы бояуы көрініп, бізге жұмбақ болып бара жатқан өмірі қайта тугандай жаңғырды. Рухани қазынам бұрын бастан кешпеген байлықпен толысты. Көшеней рухына деген сүйіспеншілігімді «Көшеней десем...» атты өлеңіммен халыққа жеткізсем деген оймен тебірентім.

Көшеней десем,
Сөйлейді дала сөйлейді.
Үйден желі,
Сызылта салып гөй-гөйді.
Жел деген Сырға,
Сыр деген жырға айналып,
Жаныма маза, жанымға маза

бермейді, – деп басталатын өлең арқылы талантты жас Көшенейдің жаратылысындағы өзгеге ұқсамайтын ерекшеліктерді паш еткім келді. Көшенейді білмейтін адам кемде-кем сияқты болып көрінді. Осы кезде Арнұр мұраларды іздеу, жинау, оны жариялау мақсатындағы жұмыста

жүріп ел ағаларымен, ақын-жазушылармен, ғалымдармен, қоғам қайраткерлерімен, жақын танысып, олардың қолдауы мен қамқорлығына бөленді.

Айтар болсақ, сол кездегі облыс әкімі И.Адырбеков, қоғам қайраткерлері Б.Досмамбетов, Қ.Табынбаев, С.Аңсатов, жазушы М.Әуезов, ғалым Р.Бердібаев, шығыстанушы ғалымдар И.Жеменей, Ө.Күмісбаев, абайтанушы М.Мырзахметов, әдебиеттанушы ғалым Т.Тебегенов, ақындар Т.Сарыбаев, Иран-Ғайып, этнограф ғалым Ә.Дәулетхан, Мәскеуде Көшенеймен қатар оқыған Ж.Дәрібаева, А.Шаменов сияқты қазақ халқының ұлтжанды, зиялы азаматтарының алдын көріп, әңгімесін тыңдады.

Арнұр жыраулық өнер жолында жүріп те жоғары орындаушылық биікке көтерілді. 2007 жылы тау тұлға Тұрмағамбет ақынның 125 жылдық мерейтойында республикалық жыраулар байқауының бас жүлдесін иеленді. Жүлдеге тігілген темір тұлпардың кілтін фольклортанушы ғалым Р.Бердібаев ыстық ықыласпен табыстаған еді. Өзі жеткен биікке соңынан ерген шәкірттерін баулып жетілдірді. 2006 жылдың желтоқсан айында облыс әкімі И.Адырбековтің қатысуымен қазақ жерінде тұңғыш ашылған К.Рүстембеков атындағы «Жыраулар үйінің» ең алғашқы директоры болды. Жар құлағы жастыққа тимей жүріп әркім барып аша алмайтын есіктерді ашып, билік басындағы азаматтарға бабалар аманатын сабырмен жеткізе білді. Жаңадан ашылған өнер ошағының болашағы үшін қам жеді. Оның материалдық-техникалық базасының нығайып, келбетінің жаңа заман талабына сай болуына күш салды. Арнұр Көшенейұлының еңбегінің арқасында қатерлі

Сыр бойы

да бүгінгі күн талабының қажеттерін өтей алмайтыны аян. Қазіргі «Жыраулар үйі» ғимаратының тарихына көз жіберсек алғашқы комсомол жастарының жетекшісі болып Орал қаласынан келген Дәмегүл Мырзағалиева (1912-1933) сол кездегі Қарақожаның мешітін бұздырып, орнына клуб үйін салдырған.

Дерек бойынша сол уақытта ол он жеті жаста еді делінген. Есептеп көрсек, клуб үйі 1929 жылы салынған болып шығады. Енді екі жылдан соң бұл ғимаратқа 100 жыл болады екен. Клуб үйіне ғана лайықталып салынғандықтан қазіргі атқарып отырған қызмет түріне жауап бере алмайтыны жасырын емес. Дегенмен Қармақшы ауданын басқаруға келген әрбір басшы «Жүз жыраудың мекені» болған бұл өңірге үлкен құрметпен қарап, қамқорлықты аяған емес. Жыл сайын бұл ғимаратты жай және күрделі жөндеуден өткізіп, ондағы жыраулық дәрістердің тоқтап қалмауын назарда ұстады.

Ақордада мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсімінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Дәстүрлі өнерді дәріптеп жүрген өнерпаздарға, бұдан бөлек дәстүрлі өнерді әсіресе жыр, терме, күй өнерін дамытуға ерекше мән беруіміз керек. Төл өркениетіміздің осындай теңдессіз қазыналарын дәріптеп жүрген өнер адамдарына қолдау көрсету маңызды. Осы орайда мен «Асыл мұра» ұлттық сыйлығын тағайындау туралы шешім қабылдадым» деп мәдениет пен өнер саласы ел өмірінің ажырамас бөлігі ретінде әрдайым мемлекет назарында болатынын жеткізді.

Олай болса қазақ елінде тұңғыш ашылып бой түзген К.Рүстембекұлы атындағы «Жыраулар үйінің» ғимаратын өзінің тұрған тарихи орнында (бұрын мешіт болған) ХХІ ғасыр көзімен көретіндей етіп жаңадан тұрғызуға қарым-қабілетін жұмсайтын басшылар мен атпал азаматтар аразмызда жүрген шығар деп үміттенемін және оларға сенемін.

Сөз басында маған Арнұрдың кітаптың атын қалай қойсақ болады деген сауалына: «Жұлдыз боп аққан жыр-ғұмыр» болсын дедім. Кітаптың сыртқы безендірілуіне де өз ойымды айтқанмын. Арнұр менің айтқан пікірім мен ұсыныстарымды өзгеріссіз қабылдады. Неге десеніз, қазақ аспанынан құйрықты жұлдыздай жарқ етіп сәуле қалдырып мезгілсіз ағып түскен таланттар аз ба еді? Шоқан мен Сұлтанмахмұтша қыршын, жап-жас өмірден өткен таланттың біреуі Көшеней еді ғой. Жеке басының қамы үшін емес, бар бойға біткен талантын сүйген халқына беру жолында жүріп қапияда ажал құшты. Қазақ өнерінің аспанынан жарық жұлдыздай ағып түсті. Кітап бетіндегі қызыл жолбарыс – кие, өнердің күдіреті. Бабасы Жиенбай жыраудағы бұл кие Көшенейге келіп қонған деген тәп-тәтті, терең мағыналы тәмсіл. Бұл Көшенейдің наным, сенімі, иманы мен ары, намысы болған.

Көшеней Рүстембекұлының бұдан ширек ғасыр бұрын асыл арманы, биік мұраты, әр күн сайын мақсаты болған жыраулық өнердің жолы түрлі кедергілерден аршылып, халқымен қайта табысты. Биік тұғырға қондырсам деген өнері бүгінде кереге қанат қырандай құлашын кенге жайды. Аяқталмаған арманы, көзі тірісінде алдын көрген, оның жырын тыңдап, үнін жүрек сандығына сақтаған Алмас Алматыв сияқты тағы бір таланттың бағын ашты, оны әлем дидарына алып шықты. Соның арқасында жыраулық өнердің жоғары дәрежедегі институттары мен университеттері жұмысқа кірісті. Жоғары оқу орындарында, Анкара музыка және көркемөнер университеті «Дәстүрлі өнер» мамандығының докторанты М.Алдамжарова, К.Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық өнер университеті «Дәстүрлі музыкалық өнер», «Дәстүрлі жыр» білім беру бағдарламасының докторанттары К.Түрікпенова мен А.Давылова осындай еңбектің жемісін беріп отырған оқу орнының тұлқері.

Көшеней бұл дүниеден кеткенімен, оның туған бауыры Бидас Рүстембекұлы аға аманатына деген алдалығын көрсетті. Сыр өңіріндегі Қармақшы жеріндегі атасы Жиенбай жыраудан қалған мақам-сазды бүгінгі ұрпаққа тұл-нұсқа күйінде қалдырып отыр.

Тәңір жарылқаған көк жұлдыздарының да өз ғұмыры бар сияқты. Бірде жерге жакындап, бірде түн тұңғығына батып кететін сынды. Ғарыш ғаламатына терең бойлаған балаларымыз аққан жұлдызды жақсылыққа жорымайды. Бұны адам баласына Тәңірдің берген белгісіндей қабылдап, «Япырай, бір қыршын дүниеден өтті-ау» деп беттерін сипап дүге ететінін бала кезімізнен байқап келемін. Сондықтан болар, түнгі аспан сұлулығына қараған сайын «Жұлдыз ақпаса екен!» деген тілекті жиі қайталаймын.

Аққан жұлдыздай соңына сәулеті із қалдырып кеткен Көшеней Рүстембекұлының туған өңіріндегі, оның өнердегі жолын қуып, өмірлік ұстанымына берік ден қойған талантты жастарымыздың жұлдызы жоғары болса екен.

Талайлы ДОСЫМОВА,
ҚР Білім беру ісінің үздігі,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
Қармақшы ауданының
құрметті азаматы



– *Ғалым Дүйсенбайұлы, жақында «Қазақ мұнайының ардақтылары» өмірбаян сериясымен жарыққа шыққан, сіздің еңбек жолыңызға арналған кітап қолымызға тиді. Сыр мұнайының игерілу тарихы, оған қатысқан тұлғалар туралы толымды еңбек екен. Кітапта жарияланған құжаттардан Қызылорда облысының мұнайлы аймаққа айналуы, қалыптасу, даму кезеңдері туралы мол мағлұмат алық. Сіз сол кезеңдердің куәгерісіз, осы ретте қырық жылға кері шесінсек...*

– Тарих туралы айтканда, нақтылыққа, яғни құжатқа сүйенеміз. Бірінші 1985 жылы 6 маусымда КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің «Қазақ ССР-індегі «Құмкөл» кенішін пайдалануға беруді ұйымдастыру» туралы бұйрығы шыққан. Онда Қазақстанның Жезказған облысындағы Арысқұм иінінің мұнайгаздылығы туралы айтылған. Қазақ ССР Геология министрлігі «Оңтүстік Қазгеология» бірлестігі жүргізген зерттеулер қорытындысында көпқабатты «Құмкөл» кеніші табылғанын, бұл осы аймақта жаңа мұнай кеніштерін ашуға негіз болатынын көрсеткен. 1987 жылдан бастап кенішті игеруге әзірлікті бастау үшін тиісті орындарға тапсырмалар жүктелген.

Осы бұйрықтың 2-тармағында 1986 жылдың 1 шілдесінен бастап Қызылорда қаласында «Маңғыстаумұнай» бірлестігінің құрамына кіретін «Құмкөл» кенішін игеру жөніндегі дирекция құру тапсырылған.

Бұдан бұрын 1985 жылғы 27 наурыздағы Үкімет қаулысымен мемлекеттік жер қорының есебінен Жезказған облысының (қазіргі Ұлытау облысы) аумағынан 2,2 миллион гектар жер ұзақ мерзімге пайдалану үшін Қызылорда облысына берілген еді.

Тағы бір маңызды құжат – 1986 жылы 16 желтоқсанда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Е.Әуелбековтің төрағалығымен өткен жиналыс хаттамасы. Жиналыста «Құмкөл» кен орнын игеруге дайындық мәселелері қаралған. Хаттамада «Маңғыстаумұнайдың» бас директорының орынбасары М.Саламатовтың ақпараттары мен ұсыныстарын тыңдаған соң қабылданған шешімдер көрсетілген.

Қызылордада мұнайға қатысты өндірістік және құрылыс базасы болмағандықтан, ұйымдастыру кезеңінде «Маңғыстаумұнай» балансына құрылысы аяқталмаған «Сельхозэнерго» базасын, Александровскідегі «Союзинпросис» институты Қызылорда бөлімшесінің тұрғынжай нысандарын беру міндеттелген. Сондай-ақ әкімшілік аппаратты жылу жүйесі мекемесінің кенесіндегі бос орындарға орналастыру, мұнайшылардың баспана мәселесін шешу үшін 1987-1990 жылдар аралығында 42 мың шаршы метр тұрғын үй, 280 орындық балабақша салу көзделген. Алдағы жартыжылдықта мұнайшыларға арнап барлық әлеуметтік-мәдени нысандармен қамтылған шағын аудан салудың бас жұмыстарын жасау, бірінші 70 пәтерлік тұрғын үйді 1988 жылдың бірінші жартысында беру туралы нақты тапсырма жүктеліпті. Оған қоса, «Қызылорда-Шевченко» бағытына күнделікті әуе рейсін ашу, осындағы арнаулы және жоғары оқу орындары базасын пайдаланып, жергілікті тұрғындар арасынан мамандар дайындау, мұнай-газ мамандықтарына мектеп бітірушілерді бағыттау мәселелері пысықталған.

– *Еңбек жолыңыздың ілкі бастауына үңілсек, мектеп бітірген мұнайшы мамандығын таңдапсыз. Осы салада тәжірибе жинаған соң, «Құмкөл» кенішін игерушілердің алғашқы легімен мұнайлы Маңғыстаудан туған жерге оралдыңыз. Сол кездегі жағдай қандай еді?*

– Тасбөгет кентіндегі №11 қазақ орта мектебін 1977 жылы тәмамдап, сол жылы Алматыдағы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетіне оқуға түстім.

Институтты 1982 жылы аяқтағаннан кейін Геология министрлігі жолдама беріп, Маңғыстаудағы «Маңғышлақмұнай-газбарлау» кешенді экспедициясына жіберді. Сол кездегі тәртіп бойынша жас мамандар үш жыл өз мамандығымен жұмыс істеуге міндетті болатын.

Жоғары білімді инженер деген дипломымды жиып қойып, өндіріс басындағы қым-қуыт тіршілікке араласып берді. Еңбек жолымды бұрғылаушының көмекшілігінен бастадым. Бұл дегеніміз – жауапты да ауыр жұмыс, мұнайшы кәсібінің әліппесі. Жас маманды қайнаған



өндіріске апарып, ең төменгі сатыдан бастап еңбек майданында шыңдауды өте озық әдіс деп ойлаймын.

Ералы аудандық партия комитетінде мұнай өндірісі саласына жетекшілік ететін нұсқаушы болып жүргенде Мұрат Саламатовтың шақыртуын алдым. Бірекі жылдан кейін партия мектебіне түсуге мүмкіндік бар-тұғын. Бірақ өндірісте еңбек еткен адам одан қол үзіп кете алмайды екен. Мен де еліміздің мұнай өнеркәсібіндегі тарихи кезеңде, яғни «Құмкөл» кенішін игеру басталғанда өз салама қайта оралдым. 1988 жылдың наурызында мұнай-газ өндіру басқармасы құрылып, мен өндіріс бөліміне, Жеңіс Жалғасов бас инженер болып жұмысқа келдім.

Қызылордаға келген кез туралы айтсам, ол уақытта облыстың индустрияландыру бағыты егжей-тегжейлі зерттелмеген, тек аграрлық салаға басымдық берілетін. «Құмкөл» мұнайын игеруге келгендерді инфрақұрылымнан бастап маман тапшылығына дейінгі мың сан түйткілді проблема күтіп тұрды. Нөлден бастап игерілген кенішке алғашында тұрғын вагондар мен бұрғылау кондырғылары және техникалар Маңғыстаудан әкелінді. Кен орнының қамтамасыз ету базасынан шалғай жатуы, ауа райының қолайсыздығы тағы бар. Мекемеге кенсе де бөлінбей, біршама уақыт өңіреде жұмыс істеді. Теміржол тармағын алу, оған жақын жерден база салудың бейнетін басынан өткергендер ғана біледі. Мамандар Жетібайдан, Өзеннен іссапарға ғана келеді, мұнда тұрақтамайды.

Қазіргі «Құмкөлдi» ол кездегімен салыстыруға да келмейді. Бүгінде онда толыққанды өндірістік кешен орналасқан. Біз алғаш барғанда ешқандай инфрақұрылым болмады. Қызылордадан жүздеген шақырым қашықтағы иен дала, жақын маңда елді кешенің қиық пен дала жануарлары ғана кездесетін.

Алғашқыда бұрғылаушыларға арналған шағын вахталық қалашық болды. Біз сол жерде тұрдық. Жол жоқ, барының өзі қыста боран соққанда жабылып қалатын. Көктемде қар еріген кезде ауыр техниканы жүргізудің машақаты бір төбе.

Бұрғылау кондырғыларының барлығын теміржол арқылы Қызылордаға жеткізіп, одан кейін жүздеген шақырым жерге тасымалдадық. Бұл ауыр жұмыс сол кездегі мамандардың табандылығының арқасында іске асты. Алтғы бұрғылау бригадасымен жұмыс істедік. Әр ұңғыма бейнәт бес батпан еңбекпен ашылды.

М.Саламатовтың басшылығымен Өуезов көшесіндегі ғимарат подвалындағы кенседе барлық құжат дайындалды. 1991-1992 жылдары «Оңтүстікқазгеология» бірлестігі «Сырдария мұнай-газ» барлау экспедициясының бас инженері ретінде Торғай ойпатындағы «Ащысәрі» «Оңтүстік Ақшабұлақ», «Блиновск» секілді жаңа мұнай-газ кеніштерін барлауға, 2000 жылы «Қызылқия» кенішінде алғашқы мұнай алу процесіне қатысты. 2004 жылы «Құмкөл-Жосалы» жоғары арынды магистральды мұнай құбырын пайдалану менің тікелей басшылығыммен жүзеге асты.

2006-2008 жылдары «Құмкөл», «Арысқұм», «Қызылқия» және «Майбұлақ» кеніштерінің газ жобаларын уақыттылы іске қосу жұмыстарына басшылық жасадым. 2009-2013 жылдары «Солтүстік-Батыс Қызылқия», «Шығыс Құмкөл», «Солтүстік Нұралы» және «Оңтүстік-Батыс Қарабұлақ» кеніштерін өнеркәсіптік пайдалануға беру процесінде де қолтаңдам бар. Сырдария ауданы аумағындағы «Көлжан» ЖШС-на қарасты «Батыс Түзкөл», «Түзкөл», «Кетеказған» кеніштерінде терең қабаттардан мұнай және газ іздегіру-барлау жұмыстарына жетекшілік еттім.



– *Қазақ мұнайының тарихына бойласақ, 1911 жылы Атырау мұнайын игеруге ағылындыр, «Маңғыстаумұнайгаз», Ақтөбеде негізінен орыстар, Өзенде тау халықтары қатысқан екен. Ал «Құмкөлдi» игергендер де, игеруге басшылық жасағандар да қазақ ұлтынан шыққан мамандар болыпты.*

– Дұрыс айтасыз, Сыр бойындағы мұнай өндірісін ұйымдастыруға Еркін Нұржанұлы Әуелбеков ерен еңбек сіңірді. Қайсыбір жаңа бастаманың салнамағы бірінші басшыға түсетіні белгілі. Мәскеудегі үлкен кеңселердің табалдырығын тозырып жүріп, Қызылорда халқы үшін жаңа өндірістің қаншалықты маңызды екеніне Мұнай министрлігінің көзін жеткізу оңай шаруа болмағаны анық. Жоғарыдан бұйрық шығартудың машақаты бір бөлек те, жұмысты үйлестірудің жөні бір басқа. Мамандарды отбасымен бірге Газлиден көшіріп әкелу, оларға үй-жай бөлу, жағдай жасау, мұнайшыларды Маңғыстаудан қатынату сияқты мың қатпарлы ұйымдастыру жұмыстарын қолдаған облыстың бірінші басшысы еді.

Сыр бойындағы мұнай өндірісінің бастау бұлағында тұрған есім – Мұрат Саламатов. Ол үш жылдың ішінде Маңғыстаудағы басқармалармен, Алматы, Мәскеудегі министрліктермен байланысып, қажетті құрал-жабдықтар алдырды. Жезказғаннан электр желісі, Қызылордадан тас жол, «Құмкөл-Қарақайы» мұнай айдау құбыры салынды. 1991 жылы жазда алғашқы миллион тонна мұнай алдық. Бұл – Қызылорданың ғана емес, Қазақстанның мұнай өндіру тарихының жарқын беті. Мұрат Саламатовтың іскерлігі мен ыждағаттылығы құлазыған күндаланы өндірістік, тұрмыстық базасы жасалған, әлеуметтік құрылыстары сақдай сай орынға айналдырды.

Сол кездегі кадрлар, бас геологтар кейіннен тек Қызылорда емес, республика аумағында қызмет етті. Өзіміздің мамандар үлкен істердің басы-қасында жүрді.

Маман тапшы болған қиын кезеңде кенішті ресейлік мекемелердің біріне беру туралы ұсыныстар айтылыпты. Бірақ негізгі мамандар мен жұмысшылар Маңғыстаудан «ЯК-40» ұшағымен тасымалдап ауыстырылды, біліктілік арттыруға жіберілді, оқу комбинаты ұйымдастырылды. Сөйтіп өзіміздің мамандардың да кәсібилігі, ептілігі дәлелденді.

Өңірлік жоғары оқу орындарының арасынан бірінші болып Қызылорда политехникалық институтында «Мұнай-газ кеніштерін игеру және пайдалану», «Мұнайгаз кәсіпшілігінің машиналары

мен жабдықтары», т.б. мамандықтар ашылуына Қылышбай Бисенов зор еңбек сіңірді. Факультеттің оқу жоспарындағы кәсіптік пәндер циклын өндірістен алынған қажетті зертханаларымен жабдықтадық. «Құмкөл» кенішінің мұнайын сақтау мен тасымалдауды экологиялық қамтамасыз ету проблемаларын шешуге байланысты идеяларым мен жүргізген зерттеулерімді 1999 жылы қорытындылап, техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін иелендім. Студенттерге дәріс оқып, мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы болдым. Ғылыми кеңес 2009 жылы «Қорқыт ата атындағы КМУ құрметті профессоры» етіп сайлады. Осы факультеттен жүздеген маманды түлетіп ұшырдық.

«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің қолдауымен Қорқыт ата университетінде Қаныш Сәтбаевтың, Шахмардан Есен-овтің, Мұрат Саламатовтың мерейтойларына арналған ғылыми-практикалық

Сіз айтқан «Құмкөл-Жосалы» құбыры еліміздің мұнай саласындағы ең күрделі инженерлік жобалардың бірі болды. 2002 жылы осы жоғары қысымды мұнай құбырын пайдалануға жетекшілік ету үшін мені қайтадан «Құмкөлге» шақырды.

Ерекшелігіне тоқталсам, бұл – ТМД кеністігіндегі 100 атмосфералық қысыммен жұмыс істейтін алғашқы мұнай құбыры. Үлкен терминалы бар. Германия, Франция және басқа да Еуропа елдерінің жоғары технологиялық жабдықтары қолданылды. Сорғылар, автоматтандырылған басқару жүйелері халықаралық стандарттарға сәйкес орнатылды.

Тағы бір ерекшелігі – жаңа технологияларды қазақ инженерлері енгізіп, іске қосты. SCADA автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы операторлар диспетчерлік орталықтан резервуарлардағы мұнай деңгейін, қысымды, сорғылардың жұмысын онлайн режимде бақылайтын. 2000 жылдардың басында бұл өте озық технология саналатын.

Іспесе газды тиімді пайдалану мәселесі көтерілгенде газды жинау, электр энергиясын өндіру және қабат қысымын ұстап тұру үшін газды қайтадан жер астына айдау жобаларын іске асырдық. Аса ауқымды инвестициялық бағдарламаға АҚШ, Канада, Қытай және Еуропадан жеткізілген жаңа жабдықтар пайдаланылып, шетелдік инженерлермен бірге жұмыс істедік. Осының арқасында өз мамандарымыз жаңашылықты меңгерді.

Олақ тарағанша «Құмкөл» мұнайын тасымалдау кезінде оған Сібір мұнайы араластырылатын. Сонда біздің парафинді, қою мұнайды құбыр арқылы айдау жеңілдейді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бұрынғы желілер үзілгенде қиын кезеңді бастан өткердік. Сол уақытта жаңа химиялық реагенттер қолданып мұнайдың ағымдылығын арттыру үшін ғылыми тәжірибелер жүргізілді. Жоғарыда атап өткен менің кандидаттық диссертацияма дәл осы зерттеулер негіз болды. Қиындықтар бізді шыңдады, жаңа жол табуға ұмтылысымызды арттырды. Өндірісті тоқтатапастан, мұнайымызды экспортқа шығарудың жаңа технологиялық шешімдерін іздеп таптық.

– *Жалпы елімізде, оның ішінде біздің өңірге келген алғашқы инвесторлар мұнай саласына қаржы салды. Инвесторлар енгізген жаңашылықтар туралы не айтасыз?*

– «Құмкөл» сияқты жан-жақты ойластырылып, жоспарланып салынған кенішке инвесторлар қызығушылық танытты. Олар өндіріс мәдениетін түбегейлі өзгертті десек болады. Кенес дәуірінің жоспарлы экономикасына сүйеніп құрылған өндіріске жаңа басқару тәсілдерін енгізді. Еңбек қауіпсіздігіне, өндірістік тәртіпке қатысты талаптар, жаңа кен орындарын іздеу жұмыстары күшейді. Компьютерлік басқару жүйелері, халықаралық стандарттар қолдана бастады. «Солтүстік Қызылқия», «Шығыс Құмкөл» және басқа да жаңа кен орындарын игеруге инвестиция құйды. Мұнда іскерілетін бір жайт, бұл жобаларды да шетелдік инженерлердің тәжірибесін ескеріп, өзіміздің мамандар жүзеге асырды.

– *Алда Мұнайшылардың кәсіби мерекесі жасайн қалды. Осыған орай жас әріптестеріңізге, үзегілеріңізге не айтасыз?*

– Цифрландыру, автоматтандыру, жасанды интеллект дәуірінде өмір сүріп жатқанымызбен, осы технологиялардың бәрі адам қолынан шыққаны белгілі. Өндірісті де, технологияны да, экономиканы да алға сүйрейтін – адам, яғни маман. Жас инженер мұнайшылар тек білім алып қана қоймай, тіл үйренуі, халықаралық бағдарламаларды, заманауи цифрлық технологияларды меңгеруі керек.

Өткенді ой елегінен өткізіп, болашағын бағамдай білетін салауатты ұрпақ туған жерде болған ірілі-ұсақты үдерістерге бейжай қарамасы анық. Біздің буын бір қоғамдық жүйеден екіншісіне көшіп, өтпелі кезеңді бастан кештік. Қиындықты жеңдік, жетістіктікке ұмтылдық. Бар жинаған тәжірибемізді кейінгілерге үйреттік, бастаған ісіміздің жалғасын тапқанына куә болдық.

Маңдай теріміз сіңген мұнай-газ саласының жаңа деңгейге көтерілуіне, жаңа кеніштердің ашылуына, жас ұрпақтың өсіп-өркендеуіне тілектеспіз. Кәсіби мерекеміз, «Құмкөлдi» 40 жылдығы құтты болсын!

Сұхбатты жүргізген
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

/// ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

СЕН ЕДІҢ, СЫРДЫҢ БҰЛБҰЛЫ

Сыр мәдениеті мен өнеріне өлшеусіз үлес қосқан, Қарақөз Ақжүзітқызы Есжанов иегері, әнші, ұстаз Қарақөз Ақдәулетованың өмірі мен шығармашылығын арқау еткен «Сен едің, Сырдың бұлбұлы» атты жаңа кітап жарық көрді.

Кітаптың алғысөзін жазған облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов бұл жинақ ұлағатты ұстазға деген құрмет пен тағзымның, сағыныш пен шексіз алғыстың белгісі екенін атап өткен.

«Сыр өңірінде вокал өнері мектебінің қалыптасып, дамуы Қарақөз Ақжүзітқызы есімімен тығыз байланысты. Оның жетекшілігімен тәрбиеленген шәкірттер республикалық және халықаралық байқауларда топ жарып, қазақ өнерінің абыройын асқақтатты. Бұл – ұстаз еңбегінің өміршеңдігін, өнердегі сабақтастықтың үзілмейтінін дәлелдейтін айқын көрініс.

Ұлы әншілердің жолын жалғап «Сыр бұлбұлы» атанған

ұстаз ұлттық өнердің асыл қасиеттерін бойына сіңіріп қана қоймай, оны келер ұрпаққа аманат етіп қалдырды. Оның өнері – тазалықтың, шынайылықтың, биік талғамның үлгісі» деп жазыпты А.Есжанов.

«Сен едің, Сырдың бұлбұлы» жинағында КСРО және Қазақстанның Халық артисі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Социалистік Еңбек ері Бибігүл Төлегенова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хүсейін Әмір-Темір, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері Кеуілжіай Ботабаев, Қазанғап атындағы Қызылорда жоғары музыка колледжінің директоры, фило-софия докторы (PhD) Мүсілім



Әмзе, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рамазан Тайманов, ақын, әнші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіхалықова, ҚР Еңбек сіңірген артисі Бақтияр Тайлақбаев, тағы бас-

қа өнер өкілдерінің және әншінің жаны жақын дос-жаранда-рының естеліктері қамтылған.

Кітаптың «Жақын жандар», «Өнер белестері», «Ізгілікке толы сәт», «Шығармашылық жол», «Ұстаз бен шәкірт – бір әлем», «Жарқын бейне» деп аталатын алты бөлімінде өнер саңлағы Қарақөз Ақдәулетова туралы әріптестерінің жүрек-жарды ой-пікірлері орын алған.

Жинақты құрастырушылар: Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, философия докторы (PhD) Мүсілім Әмзе, талантты әнші «Құрмет» орденінің иегері Самал Байсейітова. (Алматы қаласы, «Орхон» баспа үйі).

Мәдени-танымдық жинақ музыка өнерінде вокал жанры бойынша білім алушы студенттерге, педагогтерге, жалпы өнерсүйер қауымға арналған.

**Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»**

/// СЕРПІН

ЛОЗАННА ТӨРІНДЕ ТАРИХ ЖАЗЫЛДЫ

Қазақ дзюдосының қоржыны тағы бір тарихи жеңіспен толықты. Қызылорда топырағынан түлеп ұшқан Абылайхан Жұбаназар Швейцарияның Лозанна қаласында өткен Grand Slam турнирінде 81 келіге дейінгі салмақта топ жарып, мансабында алғаш рет осы деңгейдегі доданың алтын жүлдесін иеленді.

Сыр елінің намысын әлемдік татамде абыроймен қорғап жүрген Абылайхан үшін бұл жеңістің орны бөлек. Бұған дейін Grand Slam жарысының финалына шыққанымен, алтын тұғырға көтерілу бұйырмаған еді. Лозаннадағы белдесулерде қазақстандық палуан сол олқылықтың орнын толтырып, халықаралық аренадағы беделді бәсекеде өз мықтылығын дәлелдеді.

Жұбаназар жарыс жолын сенімді бастады. Алғашқы белдесуінде чехиялық Петр Младиді иппонмен жеңіп, келесі кезеңде украиналық Владислав Колобовты екі вазари әдісімен

қапы қалдырды. Одан кейін грузиялық Заур Двалашвилиді айқын басымдықпен жеңіп, жүлдеге қарай нық қадам басты.

Ширек финалда Абылайханға ресейлік Егор Сухопаров қарсы тұрды. Тартысты белдесуде қазақ дзюдошысы юко әдісімен басым түсіп, жартылай финалға жолдама алды. Финалға шығар шешуші кездесуде БАӘ атынан сынға түскен Георгий Эльбакиевпен белдесіп, екі юко ұпайын еншілеп, жеңісті уысынан шығарған жок.

Ал алтын медаль үшін өткен айқақта Абылайхан Жұбаназар өзбекстандық Арслонбек Тожиєвпен кездесті. Бұл екі ба-

луанның ресми жарыстардағы алғашқы кездесуі болатын. Сондықтан финалдың маңызы да, жауапкершілігі де ерекше еді.

Шешуші белдесу аса тартысты өтті. Қарсыласын мұхият аңдыған Абылайхан сәтті әдіс жасап, юко ұпайымен алға шықты. Кейін сол басымдығын кездесудің аяғына дейін сақтап, Лозанна татамінде Қазақстанның көк Туын биікке көтерді.

Осылайша, Сыр бойынан шыққан саңлақ спорттық мансабындағы алғашқы Grand Slam алтынына қол жеткізді. Бұл оның аталған деңгейдегі екінші финалы әрі 2026 жылғы үшінші ірі жүлдесі болды.

Абылайхан үшін биылғы маусым табысты өтіп жатыр.



**Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»**

Туған өлкені тану – туған жердің табиғатын, мәдениеті мен тыныс-тіршілігін өз көзіңмен көріп, жүрекпен сезіну. Өлкетану деген ұғымның өзі туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталып, басқа өңірлердің де тарихын танып-білумен жалғасады.

Жазғы демалыста «SCAT» әуе компаниясының «Қызылорда-Ақтау» бағытындағы тікелей рейсті іске қосуы көптен ойлап жүрген жоспарымды жүзеге асыруға себеп болды. Биылғы шілде айынан бастап бұл бағыт бойынша аптасына екі рет әуе қатынасы жолға қойылыпты. Мүмкіндікті пайдаланып, киелі Маңғыстау жеріне, Каспий жағалауындағы Ақтау қаласына сапарға шықтым.

КАСПИЙГЕ САПАР



Маңғыстау өңірі, ондағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен киелі нысандар туралы өлкетанушы ретінде біршама ізденіп оқығаным бар. «Маңғыстау – әулиелердің мекені, мұндағы бірден-бір киелі орындар – осы әулиелер. Ал Бозжыраға барған адам өзін басқа планетада жүргендей сезінеді» дейтін ақтаулық әріптесім. Мұнда келген туристердің дені облыс орталығынан 300 шақырым жердегі (Қаракия ауданы аумағы) Бозжыра шатқалына барады екен. Бұл – жақында әлем таныған даңқты актер Джеки Чан кинофильм түсірген жер. Ең қызығы, осы жер миллиондаған жыл бұрын ежелгі Тетис теңізінің табаны болған деседі.

Қазақ даласының қай қиыры да қазына байлықтан, қасиет пен киенің кенде емес, десе де 360 әулиелі Маңғыстаудың орны ерекше деп айтылады.

Ұшақтан түсіп, қалаға кіргеннен Каспий теңізінің жағалауындағы шаһардың әсем көрінісі бірден баурап

алды. Теңіз самалы, кең көшелері мен ерекше табиғаты қалаға өзіндік ажар беріп тұр. Бір қарағанда заманауи мегаполиске ұқсаса, екінші жағынан Маңғыстаудың терең тарихын бойына сіңірген көне өлкенің тынысын сезінесің. Бұл жердің табиғаты ғана емес, адамдардың пейілі де ерекше. Жүрекке жылулық сыйлайды.

Қаланың көрікті жерлерімен танысуды Ә.Кекілбаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінен бастадым. Музейде заңғар жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған экспозициямен қатар, өлке тарихы, археология, этнография, мұнай өндірісі және Ақтау қаласына қатысты құнды жәдігерлер кенінен қамтылыпты. Кірген сәттен жазушының өмір жолына қатысты дүниелерге ерекше назар аудардым. Әбіш ағамыздың отбасымен түскен фотолары, балалық шағына қатысты деректер, үй жиһаздары мен жеке заттары жазушының өмірін жақынырақ тануға мүмкіндік береді. Кі-

таптан оқып, суреттен көрген қаламгерді жәдігерлер арқылы танудың әсері мүлде бөлек екен.

Музейден соң облыстық кітапханаға ат басын тіредім. Сырттан келген туристерге Маңғыстауды тану үшін оның ғажайып табиғатын тамашалау аздық етеді. Өлкенің өткенін білуге, ел жадында сақталған тарихы мен рухани мұрасын зерделеуге Қ.Сыдықұлы атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы тұнып тұрған қазына дер едім.

«Тарихы сан қатпарлы өлкенің рухани әлемін, бабалардан қалған асыл мұраны танығыңыз келсе, алдымен кітапханаға соққаныңыз дұрыс» дейді облыстық кітапхананың балалар бөлімінің меңгерушісі Құралай Жылқыбаева.

Әбелыстық кітапханаға кірген сәтте-ақ кітап оқитын дәстүрлі тыныш мекеннен гөрі, білім мен шығармашылық тоғысқан заманауи рухани орталық қалыптасқанын аңғардым.

Қорында 500 мыңға жуық кітап пен мерзімді басылым сақталған. Өлкетану бағытына қатысты әдебиет молдығымен ерекшеленеді. Маңғыстаудың тарихын, ел арасындағы аңыз-әңгімелерді, оларды сан салалы жыр-дастандарға айналдырған түбек ақындары туралы құнды деректер, жергілікті қаламгерлер мен өнер адамдарының мұрасын зерттегісі келген адам үшін бұл кітапхана тұтас қазына деп түйдім.

Қаланы аралағанымда өткеннен сыр шертетін нысандар да аз емес. Рас, Ақтаудың қазіргі келбеті заманауи сипатымен ерекшеленеді. Ағаштан салынған, бір қабатты үйлердің әлі күнге дейін сақталғанын көріп, ерекше әсер алдым. Олар қаланың қалыптасу кезеңінен белгі беріп тұрған тарихи жәдігерлер іспетті.

Сыр өңірі мен Маңғыстау өлкесі арасындағы тарихи-мәдени сабақтастықты да ойлады. Әр өлкенің өзіндік ерекшелігі болғанымен, ел тарихын, жер тағдырын танытатын ортақ күн-

дылықтар бар. Осындай сапарлар өлкетанушы үшін тың дерек, жаңа әсер, жаңа ізденіске бастайтыны анық.

Бір қызығы жергілікті тұрғындар Ақтауды «Кішкентай Нью-Йорк» деп атайды екен. Әзіл болса да, келісті тенеу. Шынында да теңіз жағасындағы заманауи сәулет, биік ғимараттар мен кеңістіктің өзіндік үйлесімі қалаға ерекше сипат береді. Алайда мені ең қатты толқытқан жағдай мүлде басқа болды. Ол – маңғыстаулықтардың ежелгі Тұран ойпатына орналасқан Сыр бойының тарихына деген қызығушылығы. Сапар соңында ұшақта қасында отырған жолашымен әңгімелесіп қалдық. Ол біздің Қорқыт ата мемориалды кешеніне арнайы келе жатқанын, өзі білетін Қорқыт туралы аңыздарды айтып берді. Түбі бір түркі дүниесінің абызы Қорқыт бабаға деген қызығушылығы ерекше. Басқа өңірге барған кезде ғана өз өлкенің қазына-байлығын, тарихының тереңдігін, мәдениетінің құндылығын өзгеше қырынан бағалай бастайды екенсің.

Қарт Каспий жағалауындағы Ақтау қаласына сапар жай қана саяхат емес, туған жерге деген сүйіспеншілікті кеңейтіп, өзге өңірдің тарихы мен мәдениетін тануға мүмкіндік берген тағылымды сапар болды. Таным көкжиегін кеңейте түсті.

Иә, Маңғыстаудың табиғаты ғана емес, тарихы мен руханияты да терең өлке екенін осы сапарда айрықша бағамдадым. Киелі өлкенің қасиетін түйсінуге Маңғыстау түбегі мен Үстіртті (тауларды), Каспий теңізін көру аз екен.

**Айнұр МАХАМБЕТОВА,
«Сыр жылдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық және инновация академиясы қосымша білім беру орталығының «Өлкетану» үйірмесінің жетекшісі**

Құдайберген САРЖАНОВ



Қазақ ССР Балық шаруашылығының бұрынғы министрі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Құдайберген Саржанов 89 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Құдайберген Саржанұлы 1937 жылы Қызылорда облысы Арал ауданының Аманөткел ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын балық шаруашылығы саласында, осы салада инженерлік басшылық қызметтерге дейін

көтерілді. Арал өңірінің өндірістік әлеуетін арттыруға, балық шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосты.

1974-1983 жылдары «Аралрыбпром» өндірістік бірлестігінің бас директоры қызметін атқарып, балық шаруашылығының дамуына айрықша еңбек сіңірді.

1983 жылы Қазақ КСР Балық шаруашылығы министрі болып тағайындалып, елдегі су айдындарының мүмкіндігін тиімді пайдалану, балық қорын сақтау және көбейту бағытында ауқымды жұмыс атқарды.

Мемлекеттік қызметтегі жылдары ел мүддесін биік қойып, 1985-1990 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласты. Арал мен Балқаш проблемаларына халықаралық деңгейде назар аудартып, өңір халқының әлеуметтік-экологиялық мүддесін қорғауға күш салды.

Туған жердің тарихын сақтау ісіне де айрықша мән берген қайраткер Арал қаласында «Балықшылар мұражайын» ашуға бастамашы болды.

Құдайберген Саржановтың елге сіңірген еңбегі, азаматтық болмысы, парасат-пайымы мен жарқын бейнесі халқының жүрегінде мәңгі сақталады.

**Қызылорда облысының әкімдігі,
облыстық мәслихат, облыстық қоғамдық кеңес және облыстық ардагерлер кеңесі**

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы»,
«Қызылординские вести»,
«Ақмешіт апталығы»,
«Ақмешіт жастары» және
аудандық басылымдарға
жарнама орналастырғыңыз
келсе: 70-00-52 телефоны
арқылы байланысуға болады.



E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС ДИРЕКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

<https://twitter.com/syrboyi>

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор **Бағлан АМАНЖОЛ**

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 19663

Тапсырыс №1492